

ЖҰМБАҚ

Сыртылдайды күнімен,
Білгің келсе уақытты.
Сыртылдайды түнімен
Көрсетеді тілімен.



Ертеде адамдар сағат пайда болмас бұрын уақытты күнге қарап, әтештің шақырғанына қарап, тіпті кей елдерде есектің ақырғанына қарап та ажырата білген. Қазақтар күнге қарап уақытты былайша болжаған:

Таңертеңгі күн шыққан уақыт – сәресі


Күн тас төбеге келген кез – талтүс

Түс қайтатын уақыт – бесін


Күн байыр шақ – екінді

Күн ұясына қонған кез – ақшам деп аталған.





Ең алғаш рет сағат Қытай елінде пайда болған. Қазіргі кезде сағаттардың түрлері өте көп. Суға төзімді сағаттар, аса суыққа төзімді сағаттар, жар сағаты, қол сағаты, жүзік — сағаттар, электронды сағаттар, қалта сағаттары т. б. бар



Сағаттың түрлері





Сағаттарда рим цифрын жиі қолданады

I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12




**1 сағатта=60
минут**



Сағаттың ішіне жазылған сандар **циферблат** деп аталады. Сағаттың екі немесе үш тілі болады.

Сағаттық тіл (қысқа тілі), минуттық тіл (ұзындау тілі), секундтық тіл (жүріп бара жатырған тілі)

Сағат қанша?





Оқушы	Басталуы	Аяқталуы
Берік	10.00	10.45
Жазира	9.00	9.50
Шынар	9.50	10.30